«6D030100 - Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Умбетов Мадияр Нурдавлетовичтің «Қазақстан Республикасындағы адвокат-қорғаушының құқықтық мәртебесінің реттелу мәселелері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Умбетов Мадияр Нурдавлетовичтің «Қазақстан Республикасындағы адвокат-қорғаушының құқықтық мәртебесінің реттелу мәселелері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы «Қазақстан 2050» стратегиясына негізделеді. Сонымен қатар диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарына сәйкес келеді.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы	Диссертациялық жұмыс ғылымғы елеулі үлес қосады. Ізденуші заңдарды, құқық қолдану тәжірибесін және адвокат-қорғаушының мәртебесіне қатысты теориялық мәселелерді мұқият зарттей отырып, осы мәселені

		ашылған/ашылмаған.	ғылыми түсінуге айтарлықтай үлес қосады. Диссертацияда қылмыстық іс жүргізу мен сот тергеуіне адвокаттың қатысуының негізгі мәселелері мен кемшіліктері қарастырылып, жүйеленген, бұл зерттеудің маңызды тәжірибелік құндылығы туралы айтуға мүмкіндік береді. Жұмыстың маңыздығы толықтай ашылған. Жұмыстың маңыздылығы қорғаушы мәртебесіне қатысты қоғамдағы белсенді пікірталасты және осы саладағы заңнаманы жетілдіруге байланысты ұмтылыспен ерекшеленеді.Автор мәселенің күрделілігі мен жан-жақтылығын ашып қана қоймай, сонымен қатар, қылмыстық процесс пен адвокатураның дамуына сөзсіз үлес қосатын адвокат-қорғаушының қылмыстық процесс барысындағы мәртебесін көтерудің құқықтық тетіктерін дамытудың нақты жолдарын ұсынады.Жалпы диссертация заң ғылымын қазіргі заманғы талаптар мен халықаралық стандарттарға сәйкес қолданыстағы құқықтық базаны жаңарту және бейімдеу қажеттілігін көрсететін жаңа деректер мен ұсыныстармен байытатын маңызды зерттеу болып табылады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: **1) жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертацияны бағалай отырып оның жазу деңгейінің жоғары екенін атап өту қажет. Автор тақырыпты терең түсінетіндігін көрсетіп, эмпирикалық материалдың үлкен көлемін, соның ішінде заңнамалық актілерді, сот тәжірибесін және осы саладағы ғылыми еңбектерді өз бетінше жинап, талдаған. Жұмысты өзі жазу деңгейі адвокат-қорғаушының мәртебесі мәселесін зерттеудің жаңа ғылыми әдістерді қолдану арқылы ұсынуымен ерекшеленеді.

			Осылайша, диссертация автордың адвокатураның қылмыстық процесстегі ролін саралауға байланысты жаңа және шығармашылық ізденісінің көрінісі болып табылады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) **негізделген;** 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертацияның өзектілігі негізделген және күмән тудырмайды. Автор адвокат – қорғаушы мәртебесінің қоғамда маңызының өсіп келе жатқанын ескере келе, қылмыстық процесс қатысушы ретінде оның мәртебесін айыптау тарабымен теңестіру қажеттілігін зерттеу маңыздылығын сенімді түрде негіздеген. Зерттеу тек теориялық негіздерді ғана емес сонымен бірге мәселенің тәжірибелік маңызын да қамтиды, бұл оның қазіргі пікірталастар мен адвокаттық қызмет пен заң көмегін көрсету туралы заңнама саясатына сәйкес етеді. Осылайша, диссертация тақырыптың өзектілігін негіздейтін және адвокат-қорғаушының құқықтық мәртебесін көтерудің жаңа әдістерін қарастырудың өзектілігін көрсететін терең және дәлелді талдау болып табылады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) **айқындайды;** 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Ұсынылған диссертацияның мазмұны зерттеудің жарияланған тақырыбын айқындайды, бұл оның сапасы мен тұтастығының негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Автор адвокат-қорғаушы мәртебесінің құқықтық аспектілерін егжей-тегжейлі қарастырады. Автор “адвокатура” ұғымын және оның тарихи аспектілерін, басқа мемлекеттердің заңнамасымен салыстырмалы – құқықтық талдауды,сондай ақ заңнамадағы өзекті өзгерістерді қамти отырып, әртүрлі қырларынан проблеманы зерттеуге тереңірек үңіледі. Осылайша, диссертацияның мазмұны мен тақырыбын

			толық көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар, адвокатураның дамуына елеулі үлес қосады деп айтуға болады.Жұмыс аналитикалық тереңдік пен тәжірибелік бағыттылықтың жоғары деңгейімен сипатталады, бұл оны құқық қолданушылар мен заң шығарушылар үшін маңызды ресурс етеді.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) **сәйкес келеді;** 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Қарастырылып отырған диссертацияда автор жұмыс тақырыбымен тікелей байланысты зерттеу мақсатын нақты тұжырымдайды.Диссертацияда қойылған міндеттер нақты және қойылған мақсатты жан-жақты шешуге бағытталған.Жалпы, диссертацияның мақсаты мен міндеттері оның тақырыбымен тығыз байланысты, бұл зерттеуге ойластырылған және жүйелі көзқарастың көрсеткіші.Бұл авторға аталған мәселені теориялық тұрғыда зерттеп қана қоймай,сонымен қатар адвокат-қорғаушы мәртебесін көтеру мәселелеріне ісер ететін тәжірибелік ұсыныстар беруге мүмкіндік береді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) **толық байланысқан;** 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық тұрғыда толық байланысқан. Диссертациялық жұмыс нормативтік сілтемелерден, белгілеулер мен қысқартулардан, кіріспеден, үш тараудан және қортындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Әр тарау диссертация тақырыбымен тығыз байланысты және зерттелетін сұрақтарға терең енуге ықпал етеді.Автор диссертация тақырыбын жан-жақты қамтуға мүмкіндік беретін көптеген дереккөздерді, соның ішінде заңнамалық актілерді,ғылыми еңбектерді, статистикалық деректерді және халықаралық тәжірибені пайдаланған.

		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) **сыни талдау бар;** 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Диссертацияда автор адвокат-қорғаушы мәртебесін көтеруге, оны құқықтық реттеуді оңтайландыруға қатысты жаңа шешімдерді, принциптер мен әдістерді көрсетеді. Бұл ұсыныстар қолданыстағы тәсілдер мен тәжіриелерді мұқият сыни талдауға негізделген. Автор қолданыстағы заңнаманың олқылықтары мен кемшіліктерін анықтап қана қоймай, сонымен қатар,ұсынылған баламаларды дәлелді түрде негіздейді, олардың артықшылықтарын ұсынады.Әрбір жаңа ұсыныстың қорғауды күшейтуге, адвокат-қорғаушы мәртебесін айыптау тарабымен тең дәрежеге көтеруді құқықтық қамтамасыз етуге әсерін талдайды. Автор салыстырмалы әдісті қолдана отырып, ол ұсынған шешімдердің қазіргі тәсілдерден асып түсетінін көрсетті, осылайша кемшіліктерді анықтап қана қоймай, оларды шешудің нақты жолдарын ұсынады.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) **толығымен жаңа;** 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып табылады. Диссертацияда автор құқық ғылымы үшін жаңалығы мен маңыздылығы бар ғылыми нәтижелер мен ережелерді ұсынады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) **толығымен жаңа;** 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып	Диссертацияда автор заң ғылымы мен тәжірибесіне жаңа үлес қосатын қортындыларды ұсынады.Автор қазіргі заңдар мен процестік нормалардағы кемшіліктер сот әділдігіне әсерін көрсетті және жағдайды жақсартатын нақты өзгерістерді ұсынады.Диссертацияның қортындылары мәселенің жаңа аспектілерін анықтап қана қоймай, сонымен қатар, оларды шешудің нақты тетіктерін

		табылады)	ұсынады, бұл зерттеуді академиялық тұрғыдан ғана емес әлеуметтік жағынан да маңызды етеді. Жалпы, диссертация қортындыларының жаңалығы адвокат-қорғаушы мәртебесін көтерудің құқықтық тетіктеріне өзіндік көзқараста және іс жүзінде мүмкін болатын ұсыныстарды ұсынуда болып табылады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) **толығымен жаңа;** 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыста көрініс тапқан техникалық,технологиялық,экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары боынша)	Барлық қортындылар ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелерге негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) **дәлелденді;** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма?	**Нәтиже 1.** «Адвокатура» ұғымына авторлық түсінік берілді; 7.1 1) дәлелденді 7.2 2) жоқ 7.3 1) ия 7.4 3) кең 7.5 1) ия **Нәтиже 2.** Қорғаушының өкілеттіктерін заңнамалық

		1) **ия;** 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) **ия;** 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) **кең** 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) **ия;** 2) жоқ	тұрғыдан пысықтау қажеттілігі негізделеді; 7.1 1) дәлелденді 7.2 2) жоқ 7.3 1) ия 7.4 3) кең 7.5 1) ия **Нәтиже 3.** Теңдік пен бәсекелестік қағидатын сақтау үшін Конституцияға прокуратурамен ұқсастығы мен айырмашылығын ажырататын, адвокатура мәртебесін бекітетін жеке бапты енгізу ұсынылды; 7.1 1) дәлелденді 7.2 2) жоқ 7.3 1) ия 7.4 3) кең 7.5 1) ия **Нәтиже 4.** Мемлекетпен кепілдендірілген заң көмегін көрсету ақысына қатысты мәселені нақты бекітілген мөлшерін анықтауды ұсынылды; 7.1 1) дәлелденді 7.2 2) жоқ 7.3 1) ия 7.4 3) кең 7.5 1) ия **Нәтиже 5.** Кездесулердің саны мен ұзақтығын шектемей, кез келген уақытта адвокаттың өз қорғаушысына кідіріссіз қол жеткізу құқығын бекіту ұсынылды; 7.1 1) дәлелденді 7.2 2) жоқ 7.3 1) ия 7.4 3) кең

			7.5 1) ия **Нәтиже 6.** Адвокаттық сауалдарды жіберу және орындау рәсімін реттеу, оның ішінде адвокаттық сауалға жауап беру мерзімін қысқарту, сондай-ақ адвокаттарға материалдардан бас тартқаны немесе ұсынбағаны үшін жауапкершілікке тартылатын адамдардың санатын кеңейту ұсынылады. 7.1 1) дәлелденді 7.2 2) жоқ 7.3 1) ия 7.4 3) кең 7.5 1) ия
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған **1) ия;** 2) жоқ	Диссертацияда әдіснаманы таңдау негізделген, ал әдістеменің өзі егжей-тегжейлі және ашықтықтың жоғары деңгейімен сипатталған.Автор зерттеу әдістерін таңдауды негіздеуге көп көңіл бөледі, бұл талдауға байыпты және жүйелі көзқарасты танытады.Әдістемелік бөлім әртүрлі зерттеу тәсілдерін, соның ішінде нормативтік-құқықтық талдауды, тарихи әдісті,салыстырмалы талдауды және сапалы сандық зерттеу әдістерін терең түсінуді көрсетеді.Әдістердің бұл әртүрлілігі диссертация тақырыбын жан-жақты қарастыруға мүмкіндік береді, осылайша,зерттеудің тереңдігі мен көлемін қамтамасыз етеді.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми зерттеулердің заманауи әдістері мен деректерді өңдеу және түсіндіру әдістерін қолдана отырып алынды.Автор кеңейтілген компьютерлік технологияларды қолданды,бұл үлкен көлемдегі ақпаратты талдауда жоғары дәлдік пен сенімділікті қамтамасыз етті.

		әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) **ия;** 2) жоқ	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) **жоқ**	жоқ
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған	Зерттеу барысында келтірілген маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтеме жасау арқылы **расталған.** Пайдаланған әдебиеттердің тізімінде диссертациялық жұмыстың маңызды мәліметтерін растайтын көптеген сенімді деректерімен тиісті ғылыми әдебиеттер қарастырылған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз	Диссертацияда пайдаланылған әдебиеттер тізімі жаңжақты әдеби шолу жасау үшін **жеткілікті.** Диссертациялық зерттеуде ғылыми әдебиеттер, оқулықтар,ғылыми мақалалар жеткілікті дәрежеде қамтылған.Ізденуші зерттеу тақырыбы бойынша жаңжақты зерттеулер жүргізу үшін көлемді ғылыми әдебиеттерге ғылыми шолу жасап,132 дереккөз пайдаланған.
9	Практикалық	9.1 Диссертацияның теориялық	Диссертация адвокат-қорғаушының мәртебесін терең

	құндылық принципі	маңызы бар: 1) **ия;** 2) жоқ	талдай отырып, оны құқықтық қамтамасыз етуді теориялық зерттеуде маңызды орын алады. Жұмыстың теориялық маңыздылығы заңнаманы және процесстік аспектілерді зерттеуге кешенді көзқараста, сондай-ақ адвокат-қорғаушының мәртебесіне жаңа тұжырымдамылық көзқарасты әзірлеуде көрінеді. Автор қолданыстағы теориялық тәсілдерді жүйелеп қана қоймай, сонымен қатар, адвокат мәртебесін құқықтық реттеудің жаңа қағидалары мен әдістерін ұсына отырып, өз үлесін қосады. Диссертациялық зерттеудің теориялық маңызы сөзсіз. Жұмыс адвокат-қорғаушы мәртебесі туралы ғылыми түсініктер шекарасын кеңейтуге ықпал етеді және құқықтық жүйеде адвокатура ролін нақтылаудың жаңа тәсілдерін қалыптастыру мен дамытудағы маңызды қадам болып табылады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық зерттеу теориялық қана емес, сонымен қатар практикалық маңыздылығын көрсете отырып, адвокат-қорғаушының процесске қатысу мәселелерін практикалық зерттеуге айтарлықтай үлес қосады. Автор адвокатура туралы заңнамадағы және қылмыстық процесс тәжірибесіндегі әлсіз тұстарын нәтижелі анықтап, оларды жетілдіру үшін нақты ұсыныстар береді.Алынған нәтижелерді заң шығарушылар, құқық қорғау органдары, адвокатура органдары пайдалана алады, бұл жүргізілген зерттеудің өзектілігі мен маңыздылығын көрсетеді.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) **толығымен жаңа;** 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Олардың апробациялануы автордың ғылыми мақалаларының жариялануымен расталады.

		болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) **жоғары;** 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық зерттеу сапалы ғылыми жұмыстың маңызды аспектілерінің бірі болып табылатын академиялық жазудың жоғары деңгейін көрсетеді. Автор тұжырымдарда ерекше дәлдікті,талдаудың тереңдігін және дәлелдің қатаңдығын көрсетеді, бұл ұсынылған материалды қабылдау мен түсінудің жеңілдігіне ықпал етеді. Жазу стилі ғылыми қатаңдық пен қолжетімділікті біріктіреді, бұл мәтінді кең аудитория түсінуіне мүмкіндік бар. Автор материалды ұсынудың қатаң құрылымы мен нақты ұйымдастырылған логикалық тәртібін ұстанған.Зерттеу жұмыс қазақ тілінде жазылған, талаптарға сай кешенді ғылыми еңбек.

Жұмыста заң қоғамы үшін қызығушылық тудыруы мүмкін ережелер бары сөзсіз, бірақ автордың барлық тұжырымдары мен ұсыныстары даусыз емес.

1) Ізденушінің «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 5 шілдедегі № 176-VI Заңының 1-бабын азаматтар мен ұйымдарға кәсіби заң көмегін көрсететін тұлға қызметінің негіздерін айқындайтын әлеуметтік-құқықтық институт ретіндегі адвокатура ұғымымен толықтыру туралы ұсынысы өте даулы және негізсіз болып табылады деп айтуға болады.

2) Қазақстан Республикасындағы адвокат-қорғаушының құқықтық мәртебесін негіздей отырып, ізденуші оны қылмыстық процесте ғана ашады, бұл ретте адвокаттың рөлін азаматтық және әкімшілік процесте де қарауға болады.

3) Диссертацияның 4-бетіндегі «анықтама» бөлімінде ізденуші тек 4 ұғымды ашады, ал мұндай ұғымдар әлдеқайда көп.

4) Менің ойымша, зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми және монографиялық, оқу әдебиеттері толық пайдаланылмаған деп санаймын. Жұмыста ізденуші нормативтік-құқықтық актілерді қоса алғанда, тек 132 дереккөзді пайдаланды.

Айтылған ескертулер жеке сипатта болады, диссертациялық зерттеудің жалпы оң бағасына әсер етпейді, оның қадір-қасиетін төмендетпейді және оның теориялық және практикалық маңыздылығына күмән келтірмейді.

Автор тұжырымдалған мәселені терең ашып, жұмыстағы ғылыми ережелерді негіздей алды. Жұмыс сауатты тілде жазылған, оңай және қызығушылықпен оқылады. Автор зерттеудің мәселелерін мұқият түсінгені сезінеді.
Умбетов Мадияр Нурдавлетович "6D030100- Құқықтану" білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін іздену үшін ұсынылған «Қазақстан Республикасындағы адвокат-қорғаушының құқықтық мәртебесінің реттелу мәселелері» атты диссертациясына оң пікірімді бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент:
заң ғылымдарының докторы, Каспий қоғамдық университеті «Әділет» Жоғарғы құқық мектебінің академиялық профессоры Акимбекова Саида Аминовна

Подпись Акимбековой С.А. заверяю
Вед.спец. РЧР Валиева Б.